

МАЭК

«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



Облыс әкімі
МАЭК-те

1-2



В памяти навсегда

2-3




2025 – жұмысшы
мамандықтар жылы

6-9



Жер – 2025

10-11



Спорт жарыстары

12-14

ОБЛЫС ӘКІМІ КӘСІПОРЫНҒА КЕЛДІ



17 шілдеде Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилыбай кәсіпорынның Жылу электр станциясында болып, энергия блогындағы ақауларды жою жұмыстарымен танысты. Облыс әкімімен кездескен мамандар станциядағы

жабдықтардың жағдайы туралы баяндады.

Осы айда жабдықтардың тозуы салдарынан №3 энергия блогы екі рет істен шықты. Осыған қарамастан, Ақтаудың тұрмыстық тұтынушыларына электр энергиясынан шектеу болған жоқ.

Бүгінгі күні станцияның барлық үш энергия блогтары іске қосылып, жұмыс істеп тұр. Қазір МАЭК өңірдің энергия жүйесіне 540 МВт электр энергиясын жеткізуде.

Өңір басшысы Нұрдаулет Қилыбай ЖЭС-тің үш энергоблогын толық жаңғырту жоспарланып отырғанын атап өтті. Бұл өңірді энергиямен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын арттырады.

РАБОЧИЙ ВИЗИТ АКИМА ОБЛАСТИ НА МАЭК



17 июля аким Мангистауской области Нурдаулет Килыбай посетил ТЭС и ознакомился с работами по устранению дефектов на энергоблоке. В ходе визита

он осмотрел оборудование и встретился со специалистами подразделения.

В этом месяце энергоблок №3 дважды выходил из строя из-за износа оборудования. Несмотря на это, бытовые потребители Ақтау не пострадали.

На сегодняшний день в эксплуатации все три энергоблока. Сейчас МАЭК поставляет в энергосистему региона 540 МВт электроэнергии.

Глава региона Нурдаулет Килыбай подчеркнул, что планируется полная модернизация трех энергоблоков ТЭС. Это повысит надежность и стабильность энергоснабжения региона.

ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЗА



МАЭК» ЖШС Бас директорының өндіріс және БН-350 РҚ жөніндегі орынбасары Чернецкий Игорь Петрович (09.09.1965 – 23.07.2025) өмірден өтті.

Ол өзінің кәсіби өмірін аймақтың энергетика саласын дамытуға арнаған тұлға. Машинист-шолушыдан ірі кәсіпорынның басшысы лауазымына дейін көтерілген абыройлы азамат. Ол әріптестерінің жүрегінде өз ісіне адалдықтың, табандылық пен парасаттылықтың жарқын үлгісі ретінде сақталады.

Игорь Петрович МАЭК тарихына және оның өсіп, өркендеуіне үлес қосып, еңбегін сіңірген ардагер ретінде онымен қызметтес болған әріптестерінің жүрегінде өшпес із қалдырды.

НАВСЕГДА В ПАМЯТИ

Ушел из жизни Чернецкий Игорь Петрович (09.09.1965 – 23.07.2025) – заместитель генерального директора по производству и РУ БН-350 ТОО «МАЭК».

Свою профессиональную жизнь он посвятил энергетике региона, пройдя путь от машиниста-обходчика до руководителя крупного предприятия.

Его опыт, знания и преданность делу навсегда останутся в памяти коллег.

Он оставил глубокий след в истории МАЭК и в сердцах всех, кто имел честь с ним работать.

Светлая память о нём навсегда останется в наших сердцах.

Наши подписчики разделяют боль утраты:

 elena_solovatulina 5 дн.
Соболезную глубоко родным и близким 🙏 вечная память, только хорошее о человеке помню, многое сделал и был очень достойным человеком и руководителем. Царствие небесное, пусть земля будет пухом 🙏
Ответить Скрыть 26

 olzhassdussaliev 4 дн.
Игорь Петрович оставил после себя не только весомый вклад в развитие отрасли, но и глубокий человеческий след в сердцах тех, кто имел счастье с ним работать и общаться. Выражаем глубокие соболезнования родным и близким. Пусть добрые воспоминания о нём станут утешением в эти тяжёлые дни. Светлая память...
Ответить Скрыть 15

 nuradin008 5 дн.
Он был достойным и уважаемым человеком, внёсшим значительный вклад в развитие энергетической отрасли в развитии МАЭКа. Его профессионализм, порядочность и преданность делу навсегда останутся в памяти коллег и всех, кто имел честь с ним работать. Светлая память о нём сохранится в наших сердцах. Скорбим вместе с вами.
Ответить Скрыть 16

 yerekenew 4 дн.
Прощай коллега, соратник и единомышленник! Ты прошёл достойный земной путь. Что не успел – довершат другие. Покойся с миром, друг. Земля тебе пухом и светлая память.
Ответить Скрыть 4

 lana29.09 5 дн.
Очень жаль 😞😞😞, душой болел за предприятие. Соболезную родным, царствия небесного 🙏🙏🙏
Ответить Скрыть 1

 serge_mix 5 дн.
Светлый профессионализм не меркнет даже в тени скорби. Вечная память Игорю Петровичу!!!
Ответить Скрыть 22

 x_amiran_m 4 дн.
Соболезную родным и близкими. Прекрасный человек. Большой профессионал своего дела. Глубочайшее уважение, чувство большой потери. Многие из негатива, предназначавшегося и для нас, он взял на себя, отдал часть своего здоровья. Спасибо Вам Игорь Петрович.
Ответить Скрыть 3

 nurserikaktau 5 дн.
Профессионал с большой буквы, старой закалки, таких единицы на миллион, очень жаль.
Ответить Скрыть 40

 assanov_011 5 дн.
Иманды болсын! Человек с Большой Буквы. 🙏
Ответить Скрыть Показать перевод 9

 power_and_automation 5 дн.
Светлая память, Игорь Петрович! 🙏🙏
Спасибо за Вашу школу! 🙏
Ответить Скрыть 9

 kabluchkonatalya 4 дн.
Глубочайшие соболезнования родным и близким 🙏🙏🙏 Настоящий профессионал своего дела! Светлая память Игорю Петровичу 🙏🙏🙏
Ответить Скрыть 4

ҰЙЫМШЫЛ ҰЖЫМ – НӘТИЖЕЛІ ЕҢБЕК



Газетіміздің әр санында біз «МАЭК» ЖШС бөлімшелерінің жетекшілерімен сұхбаттасып, олардың кәсіби жолы мен басқару тәжірибесін оқырман назарына ұсынып келеміз. Бұл жолы біз Жөндеу зауытының директоры, ұжымға қамқор, кәсібіне адал, тәжірибелі басшы Айдарбай Құлбасұлы Сардарбековпен сұхбаттастық. Өңгімеміз кәсіби еңбек жолы, зауыт жұмысының ерекшелігі және басшылық ұстанымдары жайлы өрбіді.

- Айдарбай Құлбасұлы, сіздің еңбек жолыңыз қалай басталды, өзіңіз туралы әңгімеден бастайық?

- Мен Шевченко қаласында (қазіргі Ақтау) дүниеге келдім. 1983 жылы осындағы қазақ мектебін бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы Сәтбаев атындағы Қазақ политехникалық институтына оқуға түстім. 1985-1987 жылдары студент болып жүргенде әскер қатарына шақырылып, әскери борышымды өтедім. Елге келген соң оқуымды жалғастырып, 1990 жылы «Машина жасау саласындағы жөндеу механигі» мамандығы бойынша диплом алып, оқу орнын аяқтадым.

Еңбек жолымды МАЭК кәсіпорнында жас маман ретінде бастадым. Алғашында Жөндеу зауытында 5-разрядты слесарь болып жұмыс істедім. Кейін тәжірибе жинап, мастер, цехтың аға мастери, ДӨЖӨЖСЖЗ директорының орынбасары сынды лауазымдарды атқардым. 2023 жылы Жылу электр станциясының (ЖЭС) директоры болып тағайындалдым, ал бір жылдан соң қазіргі Жөндеу зауытының басшылығына келдім.

- Өзіңіз айтқандай, Сіз бұдан бұрын Жылу электр станциясын басқардыңыз. Ол жердегі қызметтен алған қандай тәжірибеңіз Жөндеу зауыты жұмысын жүргізуге септігін тигізуде?

- ЖЭС-те түрлі бөлімшелердің жұмысын үйлестіріп,

әріптестермен тығыз байланыс орнатуды, қадағалау органдарының өкілдерімен дұрыс қатынас құруды үйрендім. Мұндай басқарушылық дағдылар қазіргі Жөндеу зауытында да аса маңызды. Себебі мұнда да өндірістің түрлі бағыттары бір-бірімен тығыз байланысты.

- Сіз басшы ретінде алға қандай мақсаттар қойып отырсыз?

- Ең алдымен, зауыттағы ескірген жабдықтарды жаңартып, заманауи технологияларды енгізгім келеді. Бұл өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттырады. Сонымен қатар, жас кадрларды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлеміз. Жөндеу жұмыстарын сапалы атқара алатын, кәсіби тұрғыда шыңдалған мамандар қажет. Сол себепті кадр дайындау жүйесін жетілдіріп жатырмыз. Сондай-ақ, турбиналар мен қазандықтарды жөндеу саласындағы білікті мамандарды тарту – күн тәртібіндегі маңызды мәселе.

- Қазір зауытта қандай жөндеу жұмыстары жүргізілуде?

- Біз ЖЭС-те №2 энергия блогына күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтадық. Қазір ЖЭО-1-де №4 және №5 қазандық агрегаттары жөнделіп жатыр. Сонымен қатар, осы станциядағы апаттық жағдайда қолданылатын су құбырлары желісі ауыстырылуда. Ал ЖЭО-2-де №13 қазандыққа және №3 турбиналық агрегатқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, ДӨЖӨЖСЖЗ бөлімшесінде де ағымдағы жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

- Сіз ұжыммен қарым-қатынасты қалай қалыптастырасыз? Қызметкерлердің жеке өміріне қатысу сіз үшін қаншалықты маңызды?

- Ұстанымым қарапайым: ашық болу, кез келген туындаған жағдайға байланысты жауапкершілікпен, жедел әрі әділ шешім қабылдау. Әріптестерімнің көңіл-күйі мен жағдайынан хабардар болып отыруға тырысамын. Себебі, қазір оңай уақыт емес, сондықтан оларды үнемі қолдап, жақын болу маңызды.

- Сізде жұмыста басшылыққа алатын жеке принциптеріңіз бар ма?

- Иә, әрине. Меніңше, басқалардың бақытына ортақтасып, бірге қуанатын адамның өзі де бақытты болатыны сөзсіз. Мен ұжымдастарымды қандай жағдайда да қолдауға дайынмын. Сондай-ақ, кешіре білу де қажет. Кей жағдайларда мамандардың қателігіне кешіріммен қарап, кемшіліктен сабақ алуға, нәтиже шығаруға мүмкіндік жасаймын. Бірақ, мен үшін басты принцип – жауапкершілік.

- Сіз әр жұма сайын ұжымға тәттілер әкеледі

екенсіз. Бұл қандай дәстүр?

- Бұл - менің бала кезімнен қалған дәстүр. Намаз оқитын әжем қасиетті жұма күні бауырсақ пен шелпек пісіріп, көршілерге тарататын. Сондықтан, мен бұл күнді қатты құрметтедім. Сол әжемнен көрген рухани дәстүрді мен де жалғастырып келемін,

- Сіздің ойыңызша, жұмыстағы бейресми атмосфера қаншалықты маңызды?

- Өте маңызды. Бұл басшының тікелей міндеті - ұжымдағы моральдық климатты бақылап, туындаған мәселелерді дер кезінде шешіп отыруы керек. Қызметкерлердің көңіл-күйі жұмыс сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан, ұжымдастардың бір-бірімен жылы қарым-қатынаста болғаны дұрыс. Ұйымшыл

ұжымның атқарған жұмысы әрқашан нәтижелі болмақ.

- Қиын кезеңдерде ұжымның рухын қалай сақтайсыз?

- Әр ұжымның өзіндік сипаты, мінезі, түрлі көзқарастары бар. Адамдарды білу, түсіну маңызды. Ең бастысы - олардың өміріне шынайы қызығушылық таныту, қолдау көрсету, өсу мен даму үшін жағдай жасау. Сонда ғана ұжымның рухы да, ұйымшылдығы да артады. Бұл – мен ұстанатын қағидалардың бірі.

Айдарбай Құлбасұлы, мазмұнды сұхбатыңыз үшін рахмет. Сізге және сіз басқарып отырған ұжымға толайым табыс, мықты денсаулық пен жаңа жетістіктер тілейміз!

ОРГАНИЗОВАННАЯ КОМАНДА - ВЫСОКАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ



В каждом номере нашей газеты мы беседуем с руководителями подразделений ТОО «МАЭК». На этот раз героем нашей рубрики стал человек с большим опытом, открытым сердцем и серьезным подходом к делу — директор Ремонтного завода Айдарбай Кулбасович Сардарбеков. Мы поговорили с ним о профессиональном пути, работе завода и личных принципах, которыми он руководствуется.

- Айдарбай Кулбасович, расскажите немного о себе. С чего начался ваш профессиональный путь?

- Родился я в городе Шевченко (ныне Актау). В 1983 году окончил казахскую школу и в этом же году поступил в Казахский политехнический институт им. Сатпаева в Алматы. Во время учебы, в 1985–1987 годах, проходил службу в армии. После возвращения продолжил обучение и в 1990 году окончил институт, получив специальность «Механик по ремонту в машиностроении».

Свою трудовую деятельность начал на МАЭК

молодым специалистом. Был принят на работу слесарем по ремонту 5-го разряда в РЗ. Постепенно набирался опыта, повышал квалификацию, проходил карьерные ступени: мастер, старший мастер цеха, заместитель директора ЗПДиПТВС. В 2023 году был назначен директором ТЭС, а через год переведен на должность директора Ремонтного завода, где работаю и по сей день.

- Вы раньше руководили теплоэлектростанцией. Какой опыт вы оттуда вынесли и что пригодилось на новом месте?

- Работа на ТЭС научила меня координации различных подразделений, налаживанию взаимодействия с коллегами, эффективному общению с сотрудниками и представителями надзорных органов. Все это крайне важно и на РЗ.

- Какие цели вы ставите перед собой как руководитель?

- Конечно, хотелось бы заменить старое оборудование на новое, внедрять современные технологии. Особое внимание уделяем подготовке молодых кадров: важно научить их качественному ремонту. Кроме того, одной из ключевых задач является привлечение специалистов по ремонту турбин и котлов.

- Какие работы сейчас ведутся на Ремонтном заводе?

- Мы завершили капитальный ремонт блока №2 на ТЭС. Сейчас идет ремонт котлоагрегатов №4 и №5 на ТЭЦ-1, производится замена трубопровода ЛАП (ТЭЦ-1). Параллельно идет капитальный ремонт котлоагрегата №13 и турбоагрегата №3 на ТЭЦ-2, а также выполняются текущие ремонтные работы на

ЗПДиПТВС.

- Как вы выстраиваете отношения с коллективом? Насколько важно для вас личное участие в жизни сотрудников?

- Принцип простой: быть открытым, брать на себя ответственность, реагировать быстро на возникающие задачи. Стараюсь быть в курсе, что происходит у каждого сотрудника. Сейчас непростое время, поэтому важно быть рядом и поддерживать.

- Есть ли у вас личные принципы, которыми вы руководствуетесь в работе?

- Да, конечно. Я считаю, что человек, который умеет радоваться успехам других, всегда будет счастлив сам. И всегда готов поддержать коллег в любой ситуации.

Также считаю важным умение прощать. В работе бывают моменты, когда необходимо проявить снисходительность к ошибкам сотрудников, чтобы дать им возможность извлечь уроки и двигаться дальше к результатам. Но главный принцип для меня — ответственность.

- Говорят, вы каждую пятницу приносите угощения. Откуда такая традиция?

- Это идет у меня с детства. Я воспитывался у бабушки, которая читала намаз, и очень уважала этот день. С раннего утра она жарила баурсаки, шелпеки и угощались все соседи. Так это и осталось в моем сердце как светлая традиция, которую я продолжаю.

- Насколько важна, по-вашему, неформальная атмосфера на работе?

- Очень важна. Это прямая обязанность руководителя - следить за климатом в коллективе и вовремя решать любые напряженные ситуации. Стараюсь всегда быть в курсе настроения работников.

- Как вы поддерживаете моральный дух коллектива в трудные времена?

- У каждого коллектива свой характер. Важно знать людей, понимать их. Главное — проявлять искренний интерес к их жизни, поддерживать, создавать условия для роста и развития. Тогда и моральный дух будет на уровне, и результат работы — соответствующий.

Благодарим вас за интересное и содержательное интервью. Желаем успехов и новых достижений.

АҚТАУДА «АБЫРОЙ» ПРЕМИЯСЫН ТАБЫСТАУ РӘСІМІ ӨТТІ



Ақтауда «Respublica» партиясының облыстық филиалы мен «Жарқыра қауымдастығы» қоғамдық қорының бірлесуімен ұйымдастырылған «Абырой» премиясы лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті.

Іс-шараның мақсаты - жұмысшы мамандардың беделін арттыру және білікті еңбек пен кәсіби шеберлікті жастар арасында дәріптеу. Марапатталғандар қатарында «МАЭК» ЖШС Жөндеу зауытының қызметкерлері токарь Нұрболсын Далабаев, дәнекерлеуші Болатбай Дұрысбаев және ЖЭО-1 бас қалқанының электромонтері Лариса Грабова бар.

· Грабова Лариса Анатольевна

ЖЭО-1 электр станциясының бас басқару қалқанының электромонтері. Саладағы және ұжымдағы еңбек өтілі – 41 жылдан асты. Еңбек жолын 1983 жылы ЖЭО-1-де бастаған, 2003 жылдан бері бас басқару қалқанының электромонтері болып жұмыс істейді.

· Дұрысбаев Болатбай Кенжалыұлы

Кәсіпорынның Жөндеу зауытында 6 разрядты электр газбен дәнекерлеуші болып еңбек етеді. Зауыттағы еңбек өтілі – 25 жыл. Еңбек жолын 2000 жылы осында слесарь-жөндеуші болып бастап, кейін дәнекерлеуші мамандығына дайындықтан өтті.

Далабаев Нұрболсын Сәлімұлы

Жөндеу зауытының токарі. Ұжымда 33 жылдан астам уақыт еңбек етуде. 7-разрядты токарь болып жұмыс істейді, сондай-ақ кран машинисі мамандығы бойынша да даярлықтан өткен. 2016 жылдан бастап – бригадир.

«Абырой» сыйлығы жұмысшы мамандар еңбегін дәріптеп, олардың кәсібилігін бағалайтын ерекше марапат. Біз облыс экономикасының, кәсіпорынның дамуына үлес қосқаны үшін марапатталған әріптестерімізді құттықтаймыз!

В АКТАУ ПРОШЛА ЦЕРЕМОНИЯ ВРУЧЕНИЯ ПРЕМИИ «АБЫРОЙ»



В Актау состоялась церемония награждения лауреатов премии «Абырой», организованной областным филиалом партии «Respublica» совместно с общественным фондом «Сообщество Жаркыра».

Премия направлена на повышение престижа рабочих профессий и популяризацию квалифицированного труда среди молодежи. Среди награждённых — представители технических специальностей, в том числе трое сотрудников ТОО «МАЭК»:

· Грабова Лариса Анатольевна
С 2003 года работает электромонтёром главного щита управления ТЭЦ-1 ТОО «МАЭК». Стаж в отрасли и в коллективе этого подразделения — более 41 года. Сегодня она заслуженно носит звание Почетного ветерана труда комбината.

· Дружбаев Булатбай Кенжалиевич
Электрогазосварщик ремонтного завода ТОО «МАЭК». Работает на комбинате с 2000 года. Отличается ответственным подходом к делу, технической грамотностью, инициативностью.

· Далабаев Нурболсын Салимович
Токарь ремонтного завода ТОО «МАЭК». В коллективе — свыше 33 лет. Работает токарем 7 разряда, также имеет подготовку по профессии машиниста крана. С 2016 года — бригадир.

Премия «Абырой» стала знаком признания профессионализма сотрудников, занятых на рабочих специальностях, и подчеркнула значимость их труда для устойчивой работы экономики региона. Мы гордимся нашими коллегами и благодарим их за преданность профессии и вклад в общее дело!

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ - БАСТЫ МІНДЕТ



Кейде тағдыр өз таңдауын бізге ескертпестен жасайды – Бережная Эльвира Фануровнаның мансап жолы да соның айқын мысалы. Мектептен кейін оқу орнын таңдауда Эльвира ұзақ ойланбады, үйге жақын

орналасқан Маңғыстау энергетикалық колледжіне құжаттарын өткізді. Ол кезде дәл осы қадамының болашақ кәсіби жолының бастауы боларын тіпті сезген де жоқ еді.

2008 жылы колледж студенті ретінде Эльвира МАЭК кәсіпорнында өндірістік тәжірибе өтуге келді. Мамандыққа баулыған жетекшісі мен қызметкерлер тарапынан жақсы баға алған ол Маңғыстау энергетика колледжін тәмамдаған соң, кәсіпорынға жұмысқа шақырылды.

Эльвира еңбек жолын 2010 жылы ТЭЦ-1-дегі қазандық-турбина цехында 4-разрядты химиялық талдау зертханашысы қызметінен бастады. Екі жылдан кейін ол біліктілігін арттырып, 5-разрядты зертханашы атанды. 2024 жылдың қаңтарынан бастап ауысымдық жұмысқа түсіп, қараша айында электростанцияның химиялық су дайындау аппаратшысы қызметіне кірісті. Бүгінде оның еңбек өтілі 15 жылды құрайды, алайда Эльвира шебер маман болу үшін әлі де оқу, білімді жетілдіруім қажет дейді.

Эльвира судың сапасын тексереді, сол арқылы мұндағы барлық жабдықтардың қалыпты жұмысын

қамтамасыз етеді. Ол жұмыстың тиімділігі мамандардың тиісті әдістемелерге сәйкес, дұрыс әрі тиянақты жұмыс атқаруына байланысты дейді. Эльвира салада қызмет еткен жылдар ішінде өз мамандығының қаншалықты маңызды екендігіне көз жеткізіп келеді. Сондықтан болар, жұмыстың қиындығына қарамай еңбек етіп жүрген тәлімгерлері мен әріптестеріне ризалығын білдіріп, олар туралы ерекше ілтипатпен әңгімелейді.

Эльвира жұмыстан бос уақытта түрлі тәттілер пісірумен айналысқанды жақсы көреді. Сонымен қатар ол желкілдеп өсіп келе жатқан қызына қамқор ана, бақытты әйел.



случайности не случайны



Иногда судьба выбирает за нас — именно так получилось у Бережной Эльвиры Фануровны. После школы она поступила в Мангистауский энергетический колледж — просто потому, что он оказался ближе к дому. Тогда она и не подозревала, что именно это решение станет началом её профессионального пути.

В 2008 году, ещё будучи студенткой, Эльвира проходила производственную практику на МАЭК — и именно здесь она впервые ощутила, насколько интересной и важной может быть работа в энергетике. После окончания колледжа её пригласили вернуться на предприятие — уже как полноценного специалиста.

Свою трудовую деятельность Эльвира начала в 2010 году на ТЭЦ-1 в котлотурбинном цехе в должности

лаборанта химического анализа 4 разряда. Уже через два года она повысила квалификацию и стала лаборантом 5 разряда.

С января 2024 года Эльвира перешла на сменную работу в должности лаборанта 4 разряда, а с ноября того же года — аппаратчиком химводоочистки электростанции 5 разряда. За её плечами 15 лет безупречной службы, и при этом, по её словам, она всё ещё продолжает учиться.

Свою профессию Эльвира не просто приняла — она полюбила её. В ТЭЦ-1 ей всё родное: лаборатория, оборудование, люди. С особым теплом отзывается о коллегах и наставниках. Эльвира подчёркивает: *«Важно, чтобы молодые специалисты тщательно и с высокой компетентностью читали методики и понимали всю ответственность своей профессии. От того, как ты выполнил свою задачу — зависит дальнейшая работа станции».*

Вне работы у Эльвиры тоже есть увлечения — она обожает печь десерты и называет это своей второй любовью. А ещё она — заботливая мама, воспитывающая 11-летнюю дочь.



ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...



Дмитрий Васильевич Бабенко – техниканың тілін жетік меңгерген, өз қызметін жауапкершілікпен, адал атқаратын білікті маман. Ол бүкіл еңбек жолын электростанциялардағы автоматика мен өлшеу құралдарын жөндеу және қызмет көрсетуге арнаған көпжылдық тәжірибесі бар БӨЖАҚ құралдарын жөндеу слесары, жоғары білімді инженер.

Орта мектепті бітірген соң Дмитрий Кәсіптік-техникалық училищеге түсіп, Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика мамандығын алып шықты. Ол өзінің кәсіби өмірін техникамен байланыстыру туралы шешіміне әлі күнге дейін өкінген емес. «Техника – барлық жерде қажет. Ол тек өндірісте ғана емес, өмірде де көмектеседі», - дейді ол.

Оның алғашқы еңбек жолы 2002 жылы училище дипломын алғаннан кейін «МАЭК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде басталды. Ол өндірістегі жұмыстан қол үзбей жүріп қосымша Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетін «Электр энергетикалық жүйелер және желілер» мамандығы бойынша тәмамдады.

Бүгінде Дмитрий Бабенко — «МАЭК» ЖШС БӨЖА ЖЦ 7-разрядты электр слесарі. Ол 20 жылдан астам уақыт бойы электр станцияларындағы автоматтандырылған басқару жүйелері мен өлшеу құрылғыларының сенімді әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді. Жас мамандарға технологиялардан қалыспай үнемі білімін жетілдіріп отыруға кеңес береді.

«Қызметте ең бастысы – жұмысыңды тиянақты атқарып, еңбек тәртібін сақтау қажет. Бұл екеуінсіз нәтижелі жұмыс болмайды», - дейді ол.

Ұзақ жыл адал еңбек еткені үшін Дмитрий Васильевич бірнеше мәрте комбинаттың Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен марапатталған. Сонымен қатар, «Комбинаттың еңбек сіңірген қызметкері», «Комбинаттың еңбек ардагері» атағын иеленген абыройлы азамат.

Жұмыстан тыс уақытта Дмитрий – отбасы үшін қамқор әке. Бос уақытын жұбайы мен 10 жасар ұлымен бірге өткізуді, сондай-ақ, бір мезгіл ойын бөлетін видеойындар ойнағанды ұнатады.

ТОЧНОСТЬ КАК ПРИЗВАНИЕ



Дмитрий Васильевич Бабенко — человек, который выбрал путь, полный точности, дисциплины и высокой ответственности. Электрослесарь КИПиА с многолетним опытом,

инженер по образованию, посвятил свою карьеру обслуживанию, ремонту автоматики и средств измерений на электростанциях.

После окончания школы перед Дмитрием стоял выбор: идти в кулинарию или обучиться контрольно-измерительным приборам и автоматике. Судьбоносное решение он принял без сожаления — и сегодня, спустя более двух десятков лет, с уверенностью говорит: «Работа с техникой нужна везде. Она помогает не только на производстве, но и в жизни».

Его путь в профессии начался в 2002 году, когда он получил диплом слесаря КИПиА в профессионально-техническом училище. Параллельно он окончил Актауский государственный университет имени Ш. Есенова по специальности «Электроэнергетические

системы и сети» и получил диплом инженера.

Сегодня Дмитрий трудится в ЦР КИПиА в должности электрослесаря 7 разряда. Его работа — это поддержка стабильной и безопасной работы оборудования, от которого зависит бесперебойная работа электростанции. Молодым специалистам он советует не останавливаться на достигнутом и постоянно совершенствовать знания, ведь технологии не стоят на месте. Он подчеркивает: «Главное — дисциплина и точность. Без этого в нашей профессии никак».

За годы добросовестного труда Дмитрий Васильевич был отмечен рядом наград. Он

удостоен Почетной грамоты комбината, звания «Заслуженный работник комбината», а также получил Благодарность за вклад в развитие предприятия. Кроме того, он носит звание «Ветеран труда комбината», что подчеркивает его верность делу и многолетнюю преданность профессии.

Вне работы Дмитрий — пример заботливого семьянина. В свободное время он любит быть с женой и 10-летним сыном, а еще — увлекается видеоиграми, которые помогают переключиться и расслабиться после насыщенного трудового дня.

ҚҰРМЕТПЕН ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА



Кәсіпорынның Әкімшілік-шаруашылық қамту қызметінің ұжымы осында 2010 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан қызметтік және өндірістік үй-жайларды тазалаушы Карина Мурадованы

зейнеткерлік демалысқа құрметпен шығарып салды.

Бас директордың әлеуметтік және корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерқанат Ибадуллаев бас директор Кеңес Орақовтың атынан ұзақ жылғы адал қызметі үшін алғысын жеткізді. Сондай-ақ, Карина Тельмановнаға «Кәсіпорынның еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілгенін мәлімдеп, құттықтау тілегін арнады.

- Сіздің отбасыңызға амандық, бақыт, қуаныш, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!,- деді ол өз сөзінде.

Жұмыс орындарымыздың тазалығы мен жайлылығы осы бір қарапайым қызметті атқарып жүрген қыз-келіншектердің маңдай тер, адал еңбегінің арқасы екені сөзсіз. Олардың қатарында қарапайым да ақкөңіл Карина Тельмановна да болды. Көп жыл бірге еңбек еткен әріптестері Каринаны кішіпейіл, жанашыр, өз ісіне өте жауапты қызметкер болды дейді.

Карина Тельмановна өз кезегінде, ұжым басшыларына алғысын білдіріп, кәсіпорында өткізген әрбір жұмыс күнін, қызметтес, сыйлас болған әріптестерін ұмытпай байланыста болатынын атап өтті.

С БЛАГОДАРНОСТЬЮ ЗА ТРУД

В отделе хозяйственного обслуживания САСО торжественно проводили на заслуженный отдых Карину Тельмановну Мурадову, уборщицу служебных и производственных помещений, которая проработала на предприятии с 2010 года.

За 15 лет добросовестного труда Карина Тельмановна стала не просто частью коллектива - она стала его душой. Скромная, отзывчивая, ответственная - так о ней говорят коллеги. На первый взгляд незаметный труд уборщиц комбината является залогом

уюта и чистоты. За годы работы Карина Мурадова не раз подтверждала репутацию надежного сотрудника. Коллеги особенно ценили ее искренность, доброжелательность и готовность помочь в любой ситуации.

Карине Тельмановне было присвоено почетное звание «Заслуженный работник предприятия». Это признание стало символом благодарности за многолетний труд и личный вклад в общее дело. От имени главы комбината Киниса Уракова слова

благодарности и добрые пожелания выразил заместитель генерального директора по социальным и корпоративным вопросам Еркнат Ибадуллаев.

- Желаем Вам крепкого здоровья, бодрости духа, тепла и радости в каждом дне, - сказал он в своём

выступлении.

Карина Тельмановна с теплотой поблагодарила коллег за совместную работу, отметив, что будет с любовью вспоминать каждый рабочий день, проведённый в родных стенах предприятия.




АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТТІ

23 шілде күні «Жер-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы аясында «МАЭК» ЖШС аумағында қатты жер сілкінісі жағдайындағы іс-қимылдарға арналған сейсмикалық тренинг өткізілді.

Оқу-жаттығудың басты мақсаты — кәсіпорынның төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге дайындығын арттыру. Дабыл сигналы берілгеннен кейін қызметкерлер шұғыл жұмыс орындарынан шығып, алдын ала белгіленген қауіпсіз жерге жиналды.

Азаматтық қорғаныс және Төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары қызметкерлерге жер сілкінген жағдайда әрекет етудің тәртібін түсіндіріп, нұсқаулық жүргізді.

23–24 шілде күндері Ақтау қаласында өткен «Жер-2025» оқу-жаттығуы азаматтық қорғау жүйесінің барлық деңгейлерінің үйлестірілген әрекеттерге дайындығын тексеруге бағытталды.



УЧЕНИЯ ПО ГРАЖДАНСКОЙ ЗАЩИТЕ

23 июля на территории ТОО «МАЭК» в рамках республиканских командно-штабных учений «Жер-2025» прошла сейсмотренировка, направленная на повышение готовности государственной системы гражданской защиты к действиям при сильном землетрясении.

Основной целью стало повышение готовности предприятия к оперативному реагированию в чрезвычайных ситуациях. По сигналу «Внимание всем!» коллектив покинул рабочие места и собрался на безопасной территории. Специалисты отдела ГО и ЧС провели инструктаж и напомнили порядок действий при угрозе землетрясения.

Учения «Жер-2025», проходившие в Актау 23–24 июля, направлены на проверку готовности всех уровней системы гражданской защиты к координированным действиям в условиях ЧС.



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БАСТЫ НАЗАРДА



Ақтауда жұмысшы жастарға арналған үш күндік семинар-тренинг болып өтті. Тренингтің мақсаты - кәсіби дамуды қолдау және іскерлік дағдыларды арттыру. Іс-шара Маңғыстау облысының жастар

саясаты мәселелері басқармасының тапсырысы бойынша ұйымдастырылды.

Шараға «МАЭК» ЖШС-нің бірнеше жас мамандары, сонымен қатар, Caspi Bitum, Қазпошта, Қаражанбасмұнай, Маңғыстаумұнайгаз, Өзенмұнайгаз және басқа да ірі кәсіпорындардың қызметкерлері қатысты.

Семинарда қатысушылар қаржылық сауаттылық, көшбасшылық және коммуникация, сондай-ақ жасанды интеллектті пайдалану бойынша пайдалы кеңестер алды. Тренингті көп жылдық тәжірибесі бар осы салалардың мамандары жүргізді.

«Біз семинардан күшті мотивация мен құнды білім алдық. Қарапайым әрі нақты кеңестер өте пайдалы болды», - деп атап өтті қатысушылар.

ФИНАНСОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ: УВЕРЕННОЕ БУДУЩЕЕ

В Актау прошёл трёхдневный семинар-тренинг для рабочей молодёжи. Цель тренинга — поддержка профессионального развития и повышения деловых навыков. Молодые специалисты МАЭК также приняли в нём активное участие.

Мероприятие было организовано по заказу управления по вопросам молодежной политики Мангистауской области. В нём участвовали сотрудники Caspi Bitum, Казпочты, Каражанбасмунай, Мангистаумунайгаза, Озенмунайгаза и других крупных предприятий.

Участники получили полезные советы по финансовой грамотности, лидерству и коммуникациям, а также по использованию искусственного интеллекта. Тренинг провели специалисты данных сфер с

многолетним опытом.

«Мы получили сильную мотивацию и ценные знания. Всё было просто, чётко и по делу», — отметили участники.



МАЭК ТАҒЫ ДА ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

14 шілде күні Маңғыстау облысында өндірістік мекемелердің жас мамандары арасында волейболдан турнир болып өтті. Бұл жарыс «Жұмысшы мамандықтар жылы – жаңа мүмкіндіктерге жол ашу» жобасы аясында, Маңғыстау облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының тапсырысымен және Азаматтық бастамаларды дамыту орталығының қолдауымен ұйымдастырылды. Іс-шараны «Риза-Ана» қоғамдық қоры өткізді.

Турнирде төрт ойын өткізген «МАЭК» ЖШС командасы барлық қарсыластарынан басым түсіп,



жарыс жолын жеңіспен аяқтады. Спортшыларымыздың жоғары дайындық деңгейі, ұйымшылдығы мен жеңіске деген жігері олардың жоғары ойын деңгейін көрсетіп, бас жүлдені жеңіп алуына мүмкіндік берді. Соңғы ойындағы бәсекелесіміз Ақтау әуежайының командасы ақырғы ойында жеңіліске ұшырап 2 орынға түсті, ал қола жүлдені Caspi Bitum командасы иеленді.

Іс-шараны ұйымдастырушы, «Риза-Ана»

қорының жетекшісі Бибігүл Рамазанова МАЭК командасы волейболшыларына жарыстың қызықты өтуіне үлес қосқаны үшін алғыс білдіріп, жарыс жеңімпазы атануымен құттықтады.

Турнир қорытындысы бойынша МАЭК командасы жеңімпаз кубогымен, алтын медальдармен және дипломмен марапатталды. Еңбек пен спортты бірге алып жүрген әріптестерімізді айтулы жеңісімен құттықтаймыз!

МАЭК ВНОВЬ НА ПЬЕДЕСТАЛЕ

14 июля в Мангистауской области прошёл волейбольный турнир среди молодых специалистов промышленных предприятий, организованный в рамках года рабочих профессий. Турнир прошёл при содействии Центра поддержки гражданских инициатив и по заказу Управления молодёжной политики Мангистауской области. Организатором выступил общественный фонд «Риза-Ана».

Команда ТОО «МАЭК» приняла участие в четырёх матчах и уверенно прошла весь турнирный путь без единого поражения. Спортсмены комбината одержали победу в играх против команд «Бұрғылау», Аэропорта Ақтау и Caspi Bitum, завершив каждый матч в свою пользу. Слаженность действий, высокий уровень подготовки и боевой настрой вывели команду на первое место. Второе место заняла команда Аэропорта Ақтау, продемонстрировавшая отличную игру и волю к победе, а бронзу турнира завоевала команда Caspi Bitum.

Руководитель фонда «Риза-Ана» и организатор мероприятия Бибигүл Рамазанова отметила отличную подготовку и сплочённость игроков

команды МАЭК, подчеркнув, что именно такие качества отличают настоящих чемпионов.

По итогам турнира команда МАЭК была награждена кубком победителя, золотыми медалями и почётным дипломом. Поздравляем наших спортсменов с заслуженной победой и желаем дальнейших успехов в спорте и профессии!



МИНИ-ФУТБОЛ ТУРНИРИНІҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ



10 шілде күні BS Arena алаңында Маңғыстау облысының өндірістік кәсіпорындарында еңбек ететін

жас мамандар арасында мини-футбол турнирі өтті. Жарыс Маңғыстау облысының Жастар саясаты басқармасының тапсырысы бойынша, «Риза-Ана» қоғамдық қоры мен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының ұйымдастыруымен жұмысшы жастарды қолдау жобасы аясында өткізілді.

Турнирге аймақтың мұнай-газ, энергетика және көлік саласындағы ірі кәсіпорындардың жұмысшы жастары қатарынан құралған 12 команда қатысты: Каскормашзавод, Caspi Bitum, Маңғыстаумұнайгаз, OilServisCompany, Қаражамбасмұнай, Өзенмұнайгаз, Қазақстан темір жолы, Қазпошта, Мұнайтелеком,

Маңғыстауэнергосервис, ТрубРемЦентр және МАЭК.

МАЭК командасы тамаша ойын, ұйымшылдық пен шеберліктің үлгісін көрсетті. Қарсыластарымен тартысты бәсекеде өнер көрсеткен футболшылар турнирдің қола жүлдегері атанды.

Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынды OilServisCompany командасы, екінші орынды Маңғыстаумұнайгаз, ал үшінші орынды МАЭК құрамасы жеңіп алды.

Футболшыларымызды жүлделі орнымен құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз.



БРОНЗОВЫЕ ПРИЗЕРЫ ТУРНИРА ПО МИНИ-ФУТБОЛУ

10 июля на BS Arena состоялся турнир по мини-футболу среди молодых специалистов производственных предприятий Мангистауской области. Соревнования прошли в рамках проекта по поддержке рабочей молодёжи, организованного общественным фондом «Риза-Ана» совместно с Центром поддержки гражданских инициатив по заказу Управления молодежной политики региона.

В турнире приняли участие 12 команд, сформированных из работников крупнейших предприятий нефтегазовой, энергетической и транспортной отраслей: Каскормашзавод, Caspi Bitum, Мангистаумунайгаз, OilServisCompany,

Каражамбасмунай, Озенмунайгаз, КТЖ, Казпочта, Мунайтелеком, Мангистауэнергосервис, ТрубРемЦентр и МАЭК.

Футболисты комбината продемонстрировали уверенную и командную игру, показав достойный результат. Преодолев напряжённую борьбу, команда МАЭК завоевала бронзовые медали турнира, уступив лишь сильнейшим соперникам.

По итогам соревнований первое место заняла команда OilServisCompany, второе место досталось Мангистаумунайгаз, а третье за футболистами МАЭК.

Поздравляем нашу команду с заслуженным третьим местом! Желаем побед в следующих играх.

